

## **Италия Республикасында Қазақстан Республикасының Елшілігін ашу туралы**

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 1995 жылғы 18 тамыздағы N 2409

Қазақстан Республикасының Италия Республикасымен дипломатиялық қатынастар орнатуына байланысты қаулы етемін:

1. Рим қаласында Қазақстан Республикасының Елшілігі ашылсын.
2. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті Қазақстан Республикасының Италия Республикасындағы Елшілігінің штат кестесі мен шығыс сметасын анықтайтын болсын.

Қазақстан Республикасының  
Президенті